

ТАБЫСЫМЫЗ ҚОМАҚТЫ МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЫСЫРАПСЫЗ ТОЙ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ТӘЛІМ

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ОНЫҢ ПІРІ – ҚАЖЫМҰҚАН

8-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз Қазақстанда әділдік, заңдылық, тәртіп, еңбекқорлық қоғамын құрып жатырмыз, бұл біздің мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды. Алайда мұнымен тоқталып қалуға болмайды. Біз бұл бағытта көп жұмыс істеуіміз керек, алға ұмтылуымыз қажет, өйткені шешілмеген мәселелер аз емес. Сондықтан алдағы жылы бұл жұмыс қарқынды түрде жалғасады.

№4
(4902)
Сейсенбі
13 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН САРЫН

Бас қаламызда өткен жылы ғана ашылған Өнер музейінің көрермені күннен-күнге көбейіп келеді. Бұл мәдени ошақта тек қана қазақтың ұлттық музыка аспаптары ғана емес, өзге де ұлттардың аспаптары да жинақталған. Елордалық музейге шетелдік туристер де келе бастаған. Музейге жиі келетіндер мектеп оқушылары мен студент жастар болып отыр.



МЕДИЦИНАСЫ ӨРЛЕГЕН ЕЛОРДА

Бүгінгі таңда елордада 1,7 миллион астам тұрғынға медициналық қызмет көрсетіледі.

Өткен жылы Астанада 4 емхана пайдалануға берілсе, 2 ауруханада ауқымды жөндеу жұмысы жүргізілді. Қарқынды дамып келе жатқан «Нұрлы жол» вокзалы маңайында жеке емхана іске қосылды. «Жедел медициналық жәрдем» мекемесі көлік базасымен толық қамтылды. Қазір елордада перинаталдық орталықтың және медицина қызметкерлеріне арналған 300 орындық жатақхананың құрылысы жүргізіліп жатыр.

4



ҚАЛЫҢ ҚАР ҚАРБАЛАСЫ

Кеше Астанада қалың қар жауды. Коммуналдық қызметтер күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, қала әкімдігі тұрғындарды сақ болуға және қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырды.

Қар тазалау жұмысына 3 мыңнан астам жол жұмысшысы мен 2 мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды. Бір түн ішінде елордадан 18 мың текше метрден астам қар 1277 жүк көлігінің рейсімен шығарылды. Астана қаласының әкімдігі елорда тұрғындары мен қонақтарын ауа райының қолайсыздығына байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша мұқият болуға, сондай-ақ қолайсыз ауа райы кезінде алыс сапардан бас тартуға шақырады. «Қазгидромет» РМК мәліметінше, бүгін Астанада -13 градусқа дейін суық болса, ертең -27 градусқа дейін аяз болады деп болжанып отыр.



Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының саны жөніндегі жаңартылған деректерді жариялады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2025 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан халқының саны 20478879 адамды құрады. Оның ішінде: әйелдер – 10468756 адам, ерлер – 10010123 адам. Қалалық тұрғындар – 13013064 адам, ауылдық тұрғындар – 7465815 адам. Ал 2025 жылдың басында Қазақстанда 20283399 адам тұрған. Осылайша, 2025 жылдың басынан бері халық саны 195480 адамға артқан.



2026 жылғы 3-10 ақпан аралығында Қазақстан азаматтығын алуға үміткерлерге арналған тестілеуге өтінімдер қабылданады.

«Өтінімдерді Ұлттық тестілеу орталығының сайтында немесе UTO қосымшасы арқылы беруге болады. Тестілеу үш блоктан тұрады: қазақ тілі бойынша тест – 30 тапсырма, өту үшін минималды ұпай – 15; Қазақстан Республикасының Конституция негіздері бойынша тест (қазақ немесе орыс тілінде) – 40 тапсырма, өту үшін минималды ұпай – 20; Қазақстан тарихы бойынша тест (қазақ немесе орыс тілінде) – 30 тапсырма, өту үшін минималды ұпай – 15. Максималды ұпай – 100, өту үшін минималды ұпай – 50» деп хабарлады Ұлттық тестілеу орталығы. Тестілеу 11 ақпанда өтеді.

№4 (4902) 13/01/2026 Сейсенбі



БАЙЛАНЫСТАР ЖАНДАНАДЫ

Израиль тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Биньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Израиль арасындағы көпжылдық және сан қырлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді. Тараптар екіжақты және көпжақты күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ықпалдастықты одан әрі арттыруға ниетті екенін растады. Бұдан бөлек, Биньямин Нетаньяху Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылуы туралы шешімі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа айрықша ризашылығын білдірді. Израиль Премьер-министрі бұл қадамды бейбітшілік, тұрақтылық пен халықаралық диалогты нығайту ісіндегі батыл әрі көреген шешім ретінде бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Биньямин Нетаньяху байланыстарды жандандыруға, соның ішінде жоғары деңгейдегі сапарлар ұйымдастыруға уағдаласты.

ЖАНАРМАЙ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Энергетика министрлігі 2027 жылдан бастап ЕАЭО аясында мұнай өнімдерінің бірыңғай нарығының құрылуына байланысты Қазақстандағы жанар-жағармай бағасы Ресеймен теңеседі деген ақпаратқа түсініктеме берді.

Ведомство қазіргі уақытта Қазақстанда АИ-92 маркалы бензин бағасын көтеруге мораторий күшінде екенін ескертті. Мұндай іс-шара инфляцияны тежеу үшін енгізілгені мәлім. Құзырлы министрлік өкілдері жанармай бағасы күрт қымбаттамайтынына сендіруге тырысты. Алайда АИ-95 маркалы жанармайдың бағасы аз-аздан қымбаттап келеді.

«2027 жылдан бастап ЕАЭО аясында мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарығын құру кезең-кезеңмен жүзеге асады. Бұл – басқа елдермен бағаны бірден және автоматты түрде теңестіру емес, заңнаманы үйлестіру процесі. Интеграциялық қадамдар кезінде басты басымдық Қазақстан азаматтарының ұлттық мүддесі мен әлеуметтік жағдайына басымдық беріледі» деп түсіндірді Энергетика министрінің кеңесшісі әрі ресми өкілі Әсел Серікпаева.

Сондай-ақ ведомство Қазақстанда жанармай бағасының төмен болуы «сұр» экспортқа жол ашып, жанармай көрші елдерге заңсыз шығарылып, бұл ішкі нарықта тапшылық қаупін тудырып отырғанын атап өтті. Сондықтан бағаны көтеру қажет. Бірақ бұл бірден емес, біртіндеп жүзеге асырылады.



2 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҚТЫ

Елімізде Конституцияның 30 жылдығына орай 2025 жылы жарияланған амнистия аясында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен 2 мыңнан астам адам босатылған.

ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ресми дерегіне сүйенсек, еліміздегі соттар шамамен 16 мыңға жуық арыз-өтінішті қараған. Нәтижесінде 11 мыңнан астам азаматтың жаза мерзімі қысқарған. Бұдан бөлек, пробация қызметі есебінде тұрған адамдарға қатысты материалдар қаралып, 2888 адам жазаның қалған бөлігін өтеуден босаған, тағы 7,6 мыңнан астам адамның жаза мерзімі азайған.

Рақымшылыққа кәмелетке толмағандар, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдер, аяғы ауыр әйелдер, қарт адамдар және мүгедектігі бар жандар ілінген. Амнистия тек онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар жасап сотталған адамдарға қолданылды. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар, сыбайлас жемқорлық, экстремизм мен терроризм айыбымен сотталғандар, кәмелетке толмағандарға жыныстық сипаттағы қылмыс жасағандар, азаптау айыбымен жауапқа тартылғандар, сондай-ақ қайтадан қылмыс жасап сотталғандар амнистияға ілінген жоқ.

ЖІӨ ӨСІМІ 6,5 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларының қорытындысы бойынша Қазақстанның жалпы ішкі өнімі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,5 пайызға өсті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет экономиканы әртараптандыру жөнінде жүйелі іс-шараларды іске асыруда.

Өткен жылы экономикалық өсімге негізгі үлесті көлік, құрылыс және сауда салалары қосты. Өнеркәсіп өндірісінің индексі жыл қорытындысы бойынша 7,4%-ды құрады. Өңдеу секторы 6,4% деңгейінде тұрақты өсімді көрсетуде. Көрсеткіштер азық-түлік өндірісінің 8,1%-ға, өңделген мұнай өнімдерін өңдеу 5,9%-ға, химия өнеркәсібі өнімдерінің 9,8%-ға, металлургияның 1,2%-ға, машина жасау өнімдерінің 12,9%-ға ұлғаюына байланысты қамтамасыз етілді. Өсім Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Түркістан облыстарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында байқалды.

Жыл қорытындысы бойынша көлік және қоймалау саласындағы өсім 20,4%-ды құрады (қаңтар-қарашада – 20,3%). Бұл жүк тасымалы көлемінің, ең алдымен, автомобиль және теміржол көлігі арқылы тасымалдаудың ұлғаюына, сондай-ақ бірқатар өңірде жолаушылар тасымалының артуына байланысты болды. Қосымша көлік қызметтерінің, оның ішінде жүктерді экспедициялау, әуе қозғалысын басқару, әуежайлардың, қоймалар мен пакгауздар қызметтерінің, астық және тоңазытылған жүктерді сақтау қызметтері көлемінің артуы байқалады. Құрылыс саласында өсім 15,9%-ды құрады, бұл 2025 жылғы қаңтар-қараша (14,7%) көрсеткішінен жоғары. Өсім жайлы мектептер, медицина нысандары, көлік және инженерлік инфрақұрылымдар салуды қоса алғанда, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асырумен қамтамасыз етілген. 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 20,1 млн шаршы метрді құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 5,1%-ға жоғары. Сауда саласында да оң серпін сақталды: 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өсім 8,9%-ды құрады (қаңтар-қарашада – 8,8%). Негізгі үлес жалпы көлемнің үштен екісінен астамын құраған көтерме саудаға тиесілі. Көтерме сауда көлемінің өсу қарқынына астық, тұқым және мал азығын сататын кәсіпорындар – 2,6 есе, машиналар мен жабдықтар – 99,8%, фармацевтика тауарлары – 44,1%, автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдары – 33%, сүт өнімдері, жұмыртқа мен май – 25,8%, қант, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер – 21,2%, кең ассортименттегі тауарлар – 12,5% әсер етті.



ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАУ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

Мәжіліс депутаты, ЖСДП фракциясының мүшесі Ажар Сағандықова елордадағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына барып, қоқыс сұрыптау кешенінің инфрақұрылымымен танысты.

«Астана эко полигоны» кәсіпорнының қызметкерлерімен әңгіме барысында экологиялық қауіпсіздік мәселелері, сондай-ақ елордада қалдықтарды басқару жүйесін дамыту перспективалары талқыланды.

Ажар Сағандықова мұндай полигондар топыраққа ғана емес, атмосфераға да елеулі экологиялық қауіп төндіретінін атап өтті. Тұрмыстық қалдықтың ыдырау процесінде өте қауіпті әрі улы газ – метан бөлінеді. Оның иісі мен дәмі білінбегенмен, адам ағзасына аса зиян. Сұрыптау көрсеткіштерінің қайта өңдеу талаптарына сай келмейтініне, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар жұмысындағы үйлесімнің аздығына да назар аударылды. Депутат сонымен қатар қоқыс шығаруды жүзеге асыратын жеке компанияларды бақылау мәселесін көтерді. Оның айтуынша, Экологиялық кодекстегі қалдықтарды бөлек жинау туралы ережеге қарамастан, компаниялар барлық қалдықты бір машинамен шығаруды жалғастыруда.

Кездесуде депутат полигон қызметкерлерінің еңбек жағдайын, полигон мен қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады. Кәсіпорын қызметкерлерінің ұсыныстары назарға алынып, қарау үшін Үкіметке жіберіледі. Атап айтқанда, қайталама шикізатты сұрыптау және қайта өңдеу жүйесіне тұрғындар мен ұйымдарды тарта отырып, қалдықтарды бөлек жинау бойынша қанатқақты жобаларды іске қосу жоспарланып отыр.

800 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ

Алатаудың етегінде, Каспий теңізінің жағалауында, Бурабай ұлттық паркінде орналасқан олигополиялардың жері, сондай-ақ жылдар бойы мақсатты түрде пайдаланылмаған қоғамдық жайылымдар мен өзге де алқаптар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден 800 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Бұл туралы Бас прокурор Берік Асылов хабарлады. Соның нәтижесінде бірқатар өңірде жайылым тапшылығы мәселесі іс жүзінде шешілді. Прокурорлар ауылдық аумақтардың барлық тұрғынына оларды пайдалану мүмкіндігі мен қолжетімділігін қамтамасыз еткені мәлім болды.

№4 (4902) 13/01/2026 Сейсенбі

КӘРІЗ ТАЗАРТУ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жаңадан салынып жатқан кәріз тазарту құрылыстары туралы жазды.



– Қазіргі уақытта шаруашылық-тұрмыстық ағын су тәулігіне 254 мың м³ қуаттылығы бар №1 кәріздік тазарту құрылысы (№1 КТҚ) арқылы тазартылып жатыр. Қаланың дамуы мен тұрғындар санының жыл сайын өсіп келе жатқанын ескерсек, қосымша тазарту құрылыстарын салу қажеттілігі туындап отыр. Мәселен, қолданыстағы кәріздік тазарту құрылысын (КТҚ) жаңғырту жобасы әзірленіп жатыр, оның аясында өндірістік қуатын тәулігіне қосымша 25 мың м³ дейін арттыру көзделген. Сонымен қатар 1-КТҚ-ден Қарабидайық жинақтағышына дейінгі кәріздік коллекторды қайта жаңарту жұмысына кірістік. Бұдан бөлек, тәулігіне 188 мың м³ өнімділігі бар шығару коллекторларымен бірге 2-КТҚ жобасын әзірлеу жұмысы аяқталды, – деп жазды Жеңіс Қасымбек.



Астана қаласы әкімінің айтуынша, Көктал-1 елді мекенінде (тәулігіне 60 мың м³), Өндіріс елді мекенінде (тәулігіне 10 мың м³) және Индустриялық паркте (тәулігіне 15 мың м³) локалды кәріздік тазарту құрылысын салу жобаларын іске асыру басталды. Аталған нысандардың жалпы өнімділігі тәулігіне 85 мың м³ құрайды.

– Осы жобалардың жүзеге асуы нәтижесінде қолданыстағы кәріздік тазарту құрылысына түсетін жүктеме азаяды. Жобаларды 2028-2029 жылдары аяқтау жоспарланып отыр, нәтижесінде қаладағы су бұру мәселесі толықтай шешіледі. Сондай-ақ нөсер суына арналған кәріз жүйесін жаңғырту аясында магистралды кәріз желілерінің 30 шақырымнан астамы жасалды. Бұдан бөлек, 9 сорғы станциясы мен 7 тазарту құрылысы салынды және қайта жаңғыртылды. Нәтижесінде су жинау алаңы 15,3 мың гектарға дейін ұлғайды, – деді қала әкімі.

JOLTAP ЖОЛЫН АШТЫ

Joltap жобасы астаналықтарға жаңа мүмкіндік сыйлайды. 2025 жылы жоба арқылы 7500 астаналық әртүрлі курстан өтті.



Оқу жаңа мамандық игеріп, әрі қарай жұмысқа орналасуға бағыттайды. Осы бағдарлама арқылы қосымша білім алғандардың бірі – 35 жастағы Сәния Жанпейісова. Көпбалалы келіншек «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ жүк пойыздары тасымалының операторы болып жұмыс істейді. Бірақ қазіргі кезде ол бала күтіміне байланысты декрет демалысында.

– Теміржол саласында 18 жылдық тәжірибем бар. Декретте тігін тігуді үйреніп алдым. Жалпы бұған бала кезімнен қызығушылығым болған. Әлеуметтік желіден Joltap жобасы жайлы ақпарат көріп, бірден қаладағы «Баршаға мүмкіндік» пунктіне барып, машинамен тігін тігу курсына жазылдым. Арада көп уақыт өтпей сабақтар басталды, – деді жобаға қатысушы.

Оның айтуынша, әсіресе қазақтың ұлттық киіміне деген қызығушылық оны осы жобаға алып келді. Ол курста тігін тігу бойынша мол тәжірибе жинағанын айтты.

– Маған қазақтың ұлттық киімдері ұнайды. Оларды кәсіби түрде тігуді үйренгім келетін. Сол мақсатымды жүзеге асыруға Joltap жобасы көмектесті. «Тігін ісі» курсында біз тігін машинасының негіздерінен бастап жаға, жең, қалта сияқты күрделі бөлшектермен жұмыс істеуге дейін үйрендік. Ең бастысы, практикалық тапсырмалар көп. Мен жай тыңдап қана қоймай, тігін машинасымен тігуді үйрендім. Қазіргі таңда ұлттық киімдерді, әсіресе тұсау кесу рәсіміне арналған мерекелік киімдерді арнайы тігіп, жалға берумен айналысамын. Бұл – менің бағытым. Оқудың арқасында бәрін бүге-шігесіне дейін сапалы жасай аламын. Joltap жобасына алғысымды білдіргім келеді. Оның әсіресе көпбалалы аналарға пайдасы мол. Себебі олар жаңа кәсіпті аз уақытта меңгере алады. Бастысы, тегін. Бұл – өте керемет мүмкіндік, – деді астаналық келіншек.

АЛАЯҚТЫҚТАН АБАЙ БОЛ!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында қалалық Полиция департаменті интернет-алаяқтықтың алдын алу шараларын күшейтті.

«Қазақтелекоммен» бірлесіп, «160» және «165» нөмірлері арқылы жұмыс істейтін call-орталықтарға қоңырау түскен кезде интернет-алаяқтық түрлері туралы аудиоескерту іске қосылды. Алаяқтықтан сақтану үшін:

– SMS-кодтарды бөгде адамдарға хабарламаңыз;

– Құқық қорғау органдары атынан жасалатын жалған қоңырауларға сенбеңіз;

– Ақшаны «қауіпсіз» немесе «сақтандыру» шоттарына аудармаңыз – мұндай шоттар жоқ.

Құқыққа қарсы әрекеттерге тап болсаңыз, «102» нөмірі арқылы полицияға дереу хабарласыңыз.

№22 мектеп-гимназия «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында оқушыларға арналған бірқатар маңызды тәрбиелік және профилактикалық іс-шара бастады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Мектеп басшылығы оқушылардың қорлау, агрессия және жанжалдың алдын алу, әрбір оқушының өз әрекеті мен оның салдары үшін жеке жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді көздейді. Іс-шара барысында балалар үшін құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, интеллектуалды ойындар және құқықтық турнир өтті.

– Мектепте «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Заң мен тәртіп» бағыты бойынша бірқатар жұмыс атқарылып келеді. Оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмысы жүргізіліп, нақты өмірлік жағдайлар арқылы заң нормалары түсіндірілуде. Нәтижесінде оқушылардың заңға деген көзқарасы өзгеріп, тәртіп сақтаудың маңызын түсіну деңгейі артты. Алдағы уақытта да «Адал азамат» бағдарламасы аясында заң мен тәртіпті насихаттауға бағытталған шаралар жалғасады, – дейді директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Айжан Айыпқызы.

«Заң мен тәртіп» қоғидаты аясындағы бұл бастама жыл соңына дейін жалғасады. Өтетін әрбір іс-шара 1-11-сынып оқушылары, педагогтар мен ата-аналар арасында тығыз байланысты болмақ. Жұмыстар мектепте құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, тәртіп пен қауіпсіз ортаны нығайтуға өз үлесін қосары сөзсіз.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЗАҢСЫЗ САТҚАН

Елордада бірқатар құрылыс компаниясы тұрғын үйлерді заң бұзушылықпен сатқан. Мұндай ақпаратты Астана қаласының прокуратурасы таратты.

2025 жылдың басынан бері Астанада құрылысы жүріп жатқан тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлерді заңсыз сату деректері анықталды. Жіберілген заң бұзушылықтар үшін 61 құрылыс компаниясы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы – 49 млн теңге.

«Әкімшілік ықпал ету іс-шараларымен қатар, прокуратура үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту бойынша алаяқтық схемаларды ұйымдастырған тұлғаларға қатысты қылмыстық құдалау бастады. Тергеу нәтижесі бойынша 5 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, олардың мүлкі тәркіленді» делінген қадағалау органының хабарламасында.

Ведомстволық мәліметінше, соттар прокуратураның 900-ден астам үлескердің мүддесін қорғау мақсатында берген 10 талабын қанағаттандырды. Сот шешімдері бойынша олардың пайдасына 11 млрд теңгеден астам қаражат өндіріліп, сондай-ақ 4 жер телімі қайтарылды.

Астана қаласының прокуратурасы азаматтарды тұрғын үйді құрылыс салынып жатқан кезеңінде сатып алғанда ерекше сақ болуға шақырады. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңына сәйкес, салынып жатқан тұрғын үйді сату кезінде кез келген алдын ала жасалған келісімдерге, соның ішінде брондау, инвестициялау шартына, сондай-ақ алдын ала сатып алу-сату келісімшартына тыйым салынады. Үлестік құрылыс аясында жылжымайтын мүлікті сатып алу жөніндегі мәмілелер тек қолма-қол ақшасыз түрде жүзеге асырылуға тиіс.



ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2026 жылы – 5190000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

№4 (4902) 13/01/2026 Сейсенбі

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖОБАЛАРЫ

Елордада 2025 жылы денсаулық сақтау саласында бірқатар жүйелі жұмыс атқарылып, медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылды. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы 2025 жылдың қорытындысын жариялады.



Астананың тұрғындары жыл сайын шамамен 100 мың адамға артып келеді. Осыған байланысты медициналық инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, медициналық ұйымдар тапшылығын азайту мақсатында 4 жаңа емхана іске қосылып, «Нұрлы жол» вокзалы аумағында жеке медициналық орталық ашылды. Сонымен қатар 2 ауруханада ауқымды жөндеу жүргізілді. Олардың бірі – көп жылдан бері қала тұрғындарына қызмет көрсетіп келе жатқан №3 қалалық көпбейінді аурухананың ескі ғимараты. Ғимаратты жаңғырту барысында инженерлік желілер, палаталар, операциялық блоктар мен диагностикалық кабинеттер толық жаңартылып, заманауи медициналық жабдықтармен қамтылды. Бұл пациенттер мен медицина қызметкерлері үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Қазіргі уақытта аурухананың терапевтік бөлімі, ас блогы, әкімшілік ғимараты және өзге де бөлімшелерінде жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Аталған жұмыстарды 2026 жылы аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ №2 қалалық көпбейінді аурухана жанынан қабылдау-диагностикалық кешен мен перинаталдық орталықтың құрылысы басталды. Бұдан бөлек, медицина қызметкерлеріне арналған 300 орындық жатақхана салынуда. Алдағы жылы жаңа көпбейінді аурухана, Есіл және Нұра аудандарында екі емхана, сондай-ақ Есіл ауданында балаларға арналған травматологиялық корпус пайдалануға берілмек.

> Елордада жасанды интеллект технологиялары да медицина саласына енгізілуде. Қазіргі таңда онкологиялық ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік беретін жасанды интеллектке негізделген PACS жүйесі іске қосылып, диагноз қою мерзімі 30 күннен 3 күнге дейін қысқарды



Медициналық мекемелерді заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге де басымдық берілген. 2025 жылы 276 медициналық жабдық сатып алынған. Жедел жәрдем қызметінің жұмысын жеделдету мақсатында автокөліктер алынып, автопарк 100 пайыз жаңартылды. Кадр мәселесін шешу бағытында да нақты шаралар қабылданды. 2024-2028 жылдарға арналған жергілікті бюджет есебінен резидентураға 72 грант бөлініп, 45 дәрігер жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар шетелдік мамандарды тарту арқылы тәжірибе алмасуға 64 медицина қызметкері қатысты.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» және «Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жылы» аясында шамамен 3 800 медицина қызметкері оқытылып, олардың 59-ы шетелде сирек мамандықтар бойынша біліктілігін арттырды. Балалар денсаулығын нығайту мақсатында бес мемлекеттік мектепте стоматологиялық кабинеттер ашылып, №1 қалалық көпбейінді аурухана базасында балалар стоматологиясы жұмысын бастады. Сондай-ақ аутизмі бар балаларға арналған күндізгі стационар іске қосылды.

Акушерлік-гинекологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін Ситуациялық орталық құрылып, қала деңгейінде ұрықты қорғау орталығы жұмыс істеп тұр. Жүкті әйелдерге жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіліп, туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды алдын алу мақсатында эксперттік деңгейдегі пренаталдық диагностика жүргізіледі.

Елордада жасанды интеллект технологиялары да медицина саласына енгізілуде. Қазіргі таңда онкологиялық ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік беретін жасанды интеллектке негізделген PACS жүйесі іске қосылып, диагноз қою мерзімі 30 күннен 3 күнге дейін қысқарды. Орталық серверде 126 мыңнан астам рентгенологиялық зерттеу жинақталып, олардың 9 мыңнан астамы өңделген. Сонымен қатар инсультті 10 минут ішінде анықтауға мүмкіндік беретін Cerebra жүйесі енгізілді. Жасанды интеллектіні қолдану диагностика жылдамдығы мен дәлдігін арттырып, медициналық көмектің сапасын жаңа деңгейге көтеріп отыр.

2025 жылы заң қызметтерін көрсету саласында атқарылған жұмыстар аз емес. Бұл туралы Астана қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Бақытжан Бейсен мәлімдеді.

ТЕКСЕРУЛЕР НӘТИЖЕСІ НЕ КӨРСЕТТІ?



Оның айтуынша, бүгінде елордада нотариаттық қызметті 892 нотариус жүзеге асырып отыр. «2025 жылы департамент тарапынан лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы 57 ұсыныс енгізілді. Оның ішінде 40 нотариус лицензиясын өз қалауы бойынша тоқтатса, 13-і департаменттің ұсынысымен, 4-еуі Астана қаласы нотариаттық палатасының ұсынысы негізінде тоқтатылды» дейді ведомство өкілі.

Нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығы мен іс жүргізу талаптарының сақталуына қатысты 85 тексеру жүргізілген. Оның 67-сі жоспардан тыс, 18-і профилактикалық бақылау аясында ұйымдастырылған. Жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде 23 нотариус тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 14 ескерту, 3 сөгіс, 1 қатаң сөгіс жарияланды, 5 нотариустың лицензиясының қолданысы уақытша тоқтатылды. Қалған материалдардың бір бөлігі әлі қаралу үстінде.

Профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша 14 нұсқама шығарылып, бір нотариустың лицензиясы тоқтатылып, біреуі лицензиясынан айырылған. Сонымен қатар, 18 нотариус әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

– «Әділет органдары туралы» заң талаптарына сәйкес, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары мен заң консультанттары көрсететін заң көмегінің сапасын бақылау – әділет органдарының міндеті. Осы орайда 2025 жылы департамент тарапынан лицензиясынан айыру туралы 4 талап арыз сотқа жолданды. Оның біреуі бойынша нотариус лицензиясынан айырылды, қалғаны сотта қаралуда, – дейді Бақытжан Бейсен.

Талап-арыздардың негізгі себептері – нотариус көмекшісінің заңсыз нотариаттық әрекет жасауы, электрондық цифрлық қолтаңбаны үшінші тұлғаларға беру, соттың жеке ұйғарымдары мен атқарушылық жазба шығару кезіндегі заң бұзушылықтар.

Адвокаттарға қатысты деректерге де тоқтала келе, басқарма басшысының орынбасары елордада 857 адвокат тіркелгенін айтты. Есепті кезеңде 7 адвокат тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Төртеуіне ескерту, үшеуіне сөгіс жарияланды. Әртүрлі негіздермен бір лицензия тоқтатылып, 48 лицензияның қолданысы уақытша тоқтатылды, бір адвокат лицензиясынан айырылды.

Сонымен қатар, Астанада 3 287 заң консультанты қызмет атқарады. 2025 жылы олардың 10-ы тәртіптік жауапкершілікке тартылып, бір заң консультанты палата мүшелігінен шығарылған. Департамент 199 адвокатпен және 74 заң консультантымен тегін заң көмегін көрсету туралы келісімшарт жасаған.

– Заңда көзделген жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны – 16 862. Алдағы кезеңде азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, заң көмегін ұйымдастыру және құқықтық білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру, сондай-ақ адвокаттар, нотариустар мен заң консультанттары көрсететін заң көмегінің сапасын бақылау басты басымдық болып қала береді, – деді Бақытжан Бейсен.

LRT: ЖҰМЫСҚА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астанада Жеңіл рельсті көлік (LRT) жүйесінде оқыту және кейіннен жұмысқа орналастыру үшін бірқатар лауазым бойынша кадрлар қабылдау басталды. Компанияда мына салалар бойынша жұмыс ұсынады:

Ғимараттар мен күзет аймағын күтіп ұстау қызметі: ғимараттар мен қорғау аймағын күтіп ұстау менеджері, күзетілетін аумақтың аға инспекторы, ғимараттарды жөндеу шебері. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі: техникалық жүйелер менеджері, сапа менеджері, өрт қауіпсіздігі жөніндегі менеджер. Мүлікті басқару бөлімі: қойма менеджері, әкімшілік басқару менеджері, қойма шаруашылығы технигі. Кешенді басқару бөлімі: бөлім басшысы, кешенді және оқу басқармасының менеджері, өндіріс менеджері, экономика менеджері, әкімшілік басқару менеджері, әкімшілік-шаруашылық жөніндегі менеджер, нысандар мен жабдықтарды басқару менеджері, станция ауысымының басшысы, станция кезекшісі, қауіпсіздік менеджері, сапа менеджері, өндіріс диспетчері.

Жылжымалы құрамды жөндеу бөлімі: өндіріс диспетчері, техникалық тексеру және ағымдағы жөндеу слесары, жоспарлы жөндеу слесары, жабдықтарды жөндеу слесары. Пойыз бригадалары бөлімі: қозғалыс менеджері, жол техникасының аға машинисі, жол техникасының машинисі. Басқару және байланыс жүйелері қызметі: қауіпсіздік менеджері, байланыс шебері, дабыл жүйесі шебері, дабыл жүйесі технигі. Электрлік-механикалық қызмет: жөндеу шебері, жөндеу слесары. Электрлік жөндеу қызметі: энергетик, электр монтері. Жолдар мен құрылысжайларды пайдалану қызметі: жол монтері (қараушы), көпір желісі монтері.

Кандидаттар жоғары немесе арнаулы орта білім (көлік, машина жасау, инженерлік немесе техникалық мамандықтар, электрлі техника немесе сабақтас бағыттар) болуы шарт. Сол сияқты тиісті мамандық бойынша 1 жылдан 3 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесінің болуы қажет. Жұмыс берушінің есебінен оқыту немесе біліктілікті арттыру ұсынылады. Оқу мерзімі – 4 айға дейін. Оқыту Астана қаласында Жұмыс берушінің



есебінен жүргізіледі. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес ресми түрде жұмысқа орналастыру көзделген. Оқыту кезеңінде бес күндік жұмыс аптасы қарастырылған. Жұмысқа орналасқаннан кейін лауазымына байланысты бес күндік немесе ауысымдық жұмыс кестесі бар. Түйіндемелер CTS-тің https://cts.gov.kz/company/vacancy/ ресми сайты арқылы қабылданады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ТАБЫСЫМЫЗДЫ ИНФЛЯЦИЯ НЕГЕ ЖЕП ҚОЯДЫ?

Ұлттық статистика бюросының ресми ақпаратына сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі инфляция 12,3 пайызды (2024 жылғы көрсеткіш – 8,6 пайыз) құрады. Өткен жылдың қазан айында сарапшылар инфляцияның күрт өсіп, екі жылдық 13 пайыздық межеге жеткенін ашық айтты. Экономистердің пайымдауынша, бағаның күрт өсуі қарапайым адамдардың табысын жеп қоюда. 1 қаңтардан бастап күшіне енген салық реформасы (ҚҚС-ның көтерілуі) ахуалды одан әрі қиындатары сөзсіз. Қазірдің өзінде біз азық-түлік тауарларының ғана емес, қызмет көрсету саласындағы бағалардың да тез өскенін көріп отырмыз. Осы мәселеге тереңірек үңілейік.

ИНФЛЯЦИЯ БОЙ БЕРМЕЙ ТҰР

«Инфляцияның жылдық деңгейінің өсуіне негізінен алғанда азық-түлік өнімдері және алкогольдік емес сусындар (5,2 пайыздық тармақ), денсаулық сақтау (1,5 пайыздық тармақ) және тұрғын үй қызметтерінің қымбаттауы (1,2 пайыздық тармақ) ықпал еткен» делінген Ұлттық статистика бюросының ресми хабарламасында. Егер өңірлерге бөліп қарастырсақ, 2025 жылдың желтоқсан айында ең жоғарғы жылдық инфляция деңгейі Солтүстік Қазақстан (14,2 пайыз), Ақмола (13,6 пайыз) және Атырау (13,5 пайыз) облыстарында тіркелген. Ірі қалалардың арасында 12,2 пайыздық көрсеткішпен Астана көш бастап тұр. Ал жылдық инфляцияның ең төмен деңгейі Алматы қаласы мен Қостанай облысында 11,7 пайыз болса, Абай, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында 11,8 пайыз деңгейінде тіркелді. Өткен жылы азық-түлік тауарларының құны 13,5 пайызға (2024 ж – 8,6 пайыз), ақылы қызмет түрлері – 12 пайызға (2024 ж – 13,3 пайыз), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың құны – 11,1 пайызға (2024 ж – 8,3 пайыз) өсіпті.

Енді инфляцияның динамикасына көз жүгіртейік. 2024 жылмен салыстыратын болсақ, сиыр етінің бағасы – 32,1 пайызға, қойдың еті – 28,8 пайызға, шұжық бұйымдары – 19,3 пайызға, алма – 18,4 пайызға, күнбағыс майы – 17,5 пайызға, балық және теңіз өнімдерінің бағасы – 16,5 пайызға, алкогольдік емес сусындар – 16,3 пайызға, сары май – 13,9 пайызға, сүт және ашытылған сүт өнімдері – 11,2 пайызға, құс еті 10,7 пайызға өскен. Халық көп тұтынатын баллондарға құйылған жанғыш газ – 23,2 пайызға, АИ-92 маркалы жанармай – 16,0 пайызға, АИ-95/96 маркалы жанармай 14,1 пайызға қымбаттаған. Сондай-ақ Дубайдағы демалыстың құны 47,5 пайызға дейін күрт өсіпті. Соған қарамастан, қазақстандықтардың дені жылдың қай мезгілінде болса да Дубайда демалып жүр.

ИМПОРТ ПЕН ТАРИФ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Еліміздің экономикасының ішкі құрылымына үңілсек, бағалардың банк ұйғарымы немесе нарықтағы сұраныстан емес, импортталатын тауарлар мен реттелетін тарифтерден құралатынын көреміз. Бұл жерде баға екі түрлі жағдайда өседі. Біріншісі – теңгенің бағамы әлсіреп, импорттық тауарлардың құны қымбаттаған кезде байқалады. Екіншісі – реттелетін тарифтердің көтеріліп, тауар мен қызмет түрлерінің құнына әсер ететін кезі.

Ұлттық банк төрағасының кеңесшісі Нұрболат Мұқанов тарифтердің көтерілуі инфляцияға бәрінен күштірек ықпал ететінін айтады. «Мәселен, ұлттық ақшамыздың тұрақты бағамы инфляцияға импорттан келетін қысымды төмендетеді. Соның есебінен азық-түлік, киім-кешек, техниканың бағасы қалыптасады. Ал бағаның өсуіне қызмет түрлеріне тарифтердің көтерілуі айрықша әсер етеді. Бұл құбылыстың инфляцияның деңгейіне қаттырақ әсер ететіні соншалық, ол өндірістің барлық кезеңіне салынған. Мысалы, өнімді өсіретін фермерлік шаруашылықтар тарифті көтерсе, сол баға өндірілген өнімді тасымалдаушыларға да, бөлшек саудаға шығарушыларға да әсер етеді. Базалық коммуналдық шығындардың көлемі ұлғайса, ол барлық кезеңдерде бағаның тез өсуіне әкеледі. Бағалардың күрт өсуінің жүйелік факторы осы» деп түсіндіреді Н.Мұқанов.


Жасыратыны жоқ, Қазақстан импортқа тәуелді елдердің қатарында қалып отыр. Азық-түлік тауарларының, киім-кешек пен аяқ киімнің, техника мен оның бөлшектерін шетелдерден, соның ішінде негізінен Қытай мен Ресейден тасымалдаймыз. Яғни, теңгенің бағамы әлсіреп, рубль мен юаньның бағамы нығайса тауарлардың бағалары өзгеріп шыға келеді. Мәселен, біз компьютерлерді 100 пайыз Қытайдан сатып аламыз. Әрі кеткенде тауық жұмыртқасын импорттауға ғана шектеу қоя аламыз. Жеміс-жидектердің де көпшілік бөлігін ҚХР-дан импорттайтын болдық. Мұның бәрі бағаның құбылуына әсер етеді.

НЕСИЕ ТАБЫСТЫ АРТТЫРА АЛМАЙДЫ

Ұлттық банк биыл да 18 пайыздық мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды. Мұндай ұстаным инфляциямен күресуге құрал бола ала ма? Әлбетте жоқ. Тұтынушылық сегментіндегі несиелік өнімдердің қымбаттауы, банктерге қатысты нормативтердің күшейтілуі халықтың несиелік белсенділігін төмендетті. Мұны ресми реттеушінің өкілдері де мойындайды. «Қазір банктер экономикаға қосымша сұраныс туғыза алмайды, керісінше олар қатаң инфляцияға қарсы Ұлттық банк саясатының аясында күнін көруде. Несие бағаның өсіміне ықпал етуі үшін, адамдардың еркін табыс көзі болуы шарт, яғни, ай сайынғы және күн сайынғы шығындарынан бөлек жұмсайтын ақша қоры қажет. Қазір ондай қор жоқ. Жалақы өспейді, оның көп бөлігі азық-түлік сатып алуға, міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалады. Жинақ ақшалардың көлемі өте жай өседі. Халықтың табысы мұндай деңгейде болса, тұтынушылық сұраныс та әлсіз. Сол себептен, несие инфляцияны

пайызбен, өсім

Қазақстан Республикасындағы инфляцияға тауарлардың негізгі топтарының үлесі



Дерек көзі: stat.gov.kz

> «Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес. Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек. Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тіршілікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін».
>
> **(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтқан сөзі)**

«Қазір банктер экономикаға қосымша сұраныс туғыза алмайды, керісінше олар қатаң инфляцияға қарсы Ұлттық банк саясатының аясында күнін көруде. Несие бағаның өсіміне ықпал етуі үшін, адамдардың еркін табыс көзі болуы шарт, яғни, ай сайынғы және күн сайынғы шығындарынан бөлек жұмсайтын ақша қоры қажет. Қазір ондай қор жоқ. Жалақы өспейді, оның көп бөлігі азық-түлік сатып алуға, міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалады. Жинақ ақшалардың көлемі өте жай өседі. Халықтың табысы мұндай деңгейде болса, тұтынушылық сұраныс та әлсіз. Сол себептен, несие инфляцияны еңсеруге көмектесетін фактор дей алмаймын» деп түсіндіреді мәселенің мәнісін Нұрболат Мұқанов.

ЖҮЙЕСІЗ ЖОСПАР ЕШ ПАЙДА ӘКЕЛМЕЙДІ

Жуырда Halyk Finance сарапшысы Мұрат Темірханов Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2026-2028 жылдарға арналған ел экономикасын көтеруге және халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған бірлескен жоспарын сынға алып, қаржылық құжаттың қарапайым жұрттың хал-ахуалын жақсартуға ешқандай пайдасы тимейтінін мәлімдеді. Сарапшының пікірінше, Үкіметтің фискалдық саясаты мен Ұлттық банктің монетарлық саясатының арасында үйлесімсіздік бар. Бұл мәселе инфляцияны күшейтіп, экономиканың тұрақты өсіміне кері әсерін тигізеді. «Өсім дегенде негізгі назар бюджеттен 1 трлн теңге алатын «Бәйтерек» холдингіне аударылған, ол сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықтардан 4 трлн теңге қаражат тартуы тиіс. Ақшаны жеңілдетілген несиеге және «өсім нүктелеріне» аудару көзделген. Бұл – нарықтық модельге көшу емес, мемлекеттің экономикаға қатысуын нығайту. Құжатта бұрынғы стратегиялық жоспарлардың сәтсіздікке әкелгеніне ешқандай талдау жасалмаған. Мемлекеттік мекемелерді жекешелендірудің орнына «оңтайландыру» туралы айтылады. Түптеп келгенде, жүйесіз жоспар ешқандай пайда әкелмейді» дейді ол.

АҚШАНЫ ҮНЕМДЕЙТІН КЕЗ КЕЛДІ


Үкімет өткен жылдың қазан айында инфляцияны «ауыздықтау» мақсатымен коммуналдық тарифтерді көтеруге, жанар-жағармай бағасын өсіруге уақытша шектеу енгізгенін білеміз. Мораторийдің нәтижесінде жыл соңына қарай инфляция деңгейі төмендеді. Алайда Үкімет осы шектеулерді алып тастағаннан кейін, бағалар тағы «секіріп» кетті. Экономист Алмас Чукин Ұлттық банк биылғы жылдың бірінші тоқсанында базалық мөлшерлемені қайта қарау қажеттігін айтады. «18 пайыздық мөлшерлеме өз міндетін атқарды. Сол себептен ақпан айынан бастап экономикаға жәрдемдесуіміз керек. Ол үшін мөлшерлемені кемітейік. Нақты бір нәтижеге сонда ғана қол жеткіземіз» дейді сарапшы.

Өткен жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 6 пайыздан астам өсті. Экономистер ЖІӨ-нің өсуі халықтың шынайы табысының көтерілгенін көрсетпейді деген пікірде. Мысалы, 2025 жылы еліміздегі жалақының орташа номиналдық өсімі 11,3 пайызды құрады. Бірақ сайып келгенде, қазақстандықтардың табысы 1,7 пайызға кеміді. Атап айтсақ, құрылыста, білім беру мен денсаулық сақтау, қоғамдық тамақтандыру салаларында жұмыс істейтін азаматтардың нақты табысы 2-ден 11 пайызға дейін төмендеген.

Halyk Finance сарапшыларының болжамына үңілсек, 2026 жылдың соңына қарай инфляция деңгейі 10,5-11,5 пайыз мөлшерінде болады. Экономикалық өсім 4,5 пайыздық деңгейді көрсетіп, жыл соңында АҚШ долларының бағамы 600-610 теңгені құрауы мүмкін. Экономист Меруерт Махмұтова әр отбасы кез келген жағдайға дайын болып, ақшаны үнемді жұмсау қажеттігін айтады. «Егер экономикалық ахуал ушығып кететін болса, егер жұмыс берушілер уақытында жалақы төлемейтін болса, әр отбасы қаржылық қиыншылықтардан алдын ала сақтанудың жолдарын қамдануы тиіс. Әр отбасы 3-6 айға дейін қажеттіліктерге жұмсайтын ақшаның қорын жасақтағаны жөн. Өйткені ҚҚС-тің өзгеруінен жұмыс орындары қысқарып, көптеген шағын және орта кәсіпорындар жабылып қалуы мүмкін. Сол себептен әр азамат «Мен басқа қандай мамандықты игеремін», «Қалай көбірек табыс табамын» деген сауалдарды алға тартып, ертерек қарекет жасаса ұтылмайды. Өйткені мынау құбылмалы әлемде алдағы уақытта бізді не күтіп тұрғанын ешкім тап басып, болжай алмайды» дейді сарапшы.

№4 (4902) 13/01/2026 Сейсенбі







ӨНЕР МУЗЕЙІ – МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР МҰРАСЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Өткен жылы елордада Өнер музейі ашылды. Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясы құрамындағы бұл мәдениет ошағында 1600-ден астам музыкалық аспап жинақталған. Жуырда аталған музейді аралап, талай аспаптармен таныстық. Ерекше атап өтерлігі, мұндағы музыкалық мұра тек көзбен тамашалау үшін қойылмаған, музей қызметкерлері олардың үнін тыңдатып, кейбірінің тарихын да айтып береді. Музей маманы Азамат Бақияның айтуынша да, аспаптар жай тұрмай, жұмыс істеп тұруы керек.



Сұлтан СЕЙІТ

ТАЛАЙ ҰЛТТЫҢ ТӨЛ АСПАПТАРЫ БАР

Аталмыш музейде тек қазақтың ұлттық аспаптарын ғана емес, өзге ұлттардың да төл аспаптарын көруге болады. Былтыр жыл соңында елордада түркі халықтарының мәдени-рухани мұрасын кеңінен дәріптеу мақсатында «Әлем әуені» халықаралық өнер фестивалі ұйымдастырылды. Оған туысқан елдерден 60-тан астам өнерпаз, зерттеуші, музыкатанушы, дәстүрлі аспаптарын жасаушы шеберлері қатысты. Сол кезде музей қорына қырғыз қылқиғы, түрік кеманчасы, өзбек дутары, мажар фурульясы, т.б. аспаптар сыйға тартылды. Бұған қоса, қытайдың эрхусын, тәжіктің думбрагын, түріктің бағламасын, моңғолдың чанзасын, марокконың гембриін, Алтай халқының икили, топшуур сынды аспаптарын, хакастардың чатханын, басқа да шетелдік аспаптарды көрдік.

КӨҢІЛ КӨТЕРУГЕ ҒАНА ҚЫЗМЕТ ЕТПЕЙДІ

Азамат Бақияның айтуынша, қазақтың өзінің 120-дан астам төл аспаптары бар. Мысалы, сырнайдың өзі мессырнай, сазсырнай, топсырнай, желбуаз, т.б. көптеген түрлерге бөлінеді. Сол сияқты қобыздың, басқа да ұлттық аспаптарымыздың түр-түрі бар. Өнер музейінің қызметкерлері солардың тарихына бойлап, ғылыми тұрғыдан зерттеп, төл аспаптарымызда музыкалық шығармаларды шебер орындаумен қатар оларды жасаумен айналысады. Яғни, жан-жақты, әмбебап мамандар.

«Қазақ аспаптарының тарихы тереңнен тамыр тартады. Бұл ұлтымыздың бай мәдениетінен хабар береді. Бізге дейін Өзбекәлі Жәнібеков, Болат Сарыбаев, Ақселеу Сейдімбек, Жарқын Шәкәрім болды. Бұл – бер жағы ғана. Арғы тарихқа бойлайтын болсақ, әл-Фараби музыка туралы трактат жазды, осы жөнінде Дулати қалам тербеді. Қазақта сазсырнайдың өзінің уілдек, тастауық, сазсырнай, үскірік, шыңырау, құссайрауық, қоссаз, қосуілдек, үшберек деген тоғыз түрі болған» дейді Азамат Бақия.

Оның айтуынша, қазақ төл аспаптарын түрлі мақсатта пайдаланды. Олар қызық үшін ғана қолданылмай, көңіл көтеруге ғана қызмет етпеді. Мәселен, барлығына таныс домбыра мен қобыз үнінде қазақтың қуанышы, мұң-қайғысы, шер-шемені жатыр. Жаугершілік заманда қол жинау үшін қолданылған бір керней аспабының үні 4 шақырымға жетеді екен. Яғни, төрт шақырым сайын 10 кернейші қойылса, ақпаратты 40 шақырымға жеткізуге болады. Ертеде ұлттық аспаптарымыздың әртүрлі үні арқылы қазақ әскері сапқа тұруды, музыкалық дыбыстың үніне қарай қандай бұйрық берілгенін түсінген. Мұның жарқын көрінісін «Қыз Жібек» көркем фильмінен көруге болады. Яғни, әр дыбыстық белгінің де өз мақсаты болған. Сол белгі арқылы сарбаздар түсінісіп, бірін-бірі таныды.

ҰРА, ДОҢЫЗҚАУАҚ, ӘҢГІРТАЯҚ

Ерте заманда ту көтерушінің соңынан келе жатқан жауынгердің қолында ұра деген аспап бір жағынан қару есебінде, екінші жағынан, музыкалық аспап ретінде қолданылған. «Ура» деген ұран осы ұрадан шығып тұрған жоқ па деген болжам да бар. Қазақтың «Ұр» деген сөзінің төркіні де осыдан шығып тұр деп те айтылады.

Қазақ даласында ертеде жолбарыс жортқан деген деректер бар. Оны үркіту үшін доңызқауақ атты музыкалық аспап қолданылған екен. «Төбеңде әңгіртаяқ ойнату» деп айтып жатамыз. Бақсақ, әңгіртаяқ та қазақтың бір аспабы екен. Осындай аспаптардың бәрі өнер музейінде тұр.

КИНОИНДУСТРИЯДА ҚАЗАҚ ИІСІН ҚАЛАЙ ШЫҒАРАМЫЗ?

Азамат Бақия қазақтың төл аспаптарын киноиндустрияда қолдану керек деп есептейді. «Қазір Қытай, Корей елдерінің, Түркияның тарихи телехикаяларын жұрт көп тамашалайды. Бізде де мұндай телехикаялар түсіріле бастады. Әр телехикая ұлттық колоритпен музыкалық дыбысталуы керек. Яғни, бөтен үнді қоспай, өзіміздің төл аспаптарымыз қолданылғаны дұрыс. Сонда фильмдегі үннің өзінен қазақ даласының, қазақ мәдениетінің иісі шығып тұрады. Әсіресе, киноиндустрияда көпшілікке беймәлім төл аспаптарымызды қолдану керек. Яғни, бар мүмкіндігімізді пайдаланып, ұлттық аспаптарды насихаттау қажет» дейді музей маманы.

Астанадағы Өнер музейі – отандық туризмді дамытуға қызмет ететін бірден-бір мәдени ошақ. Бірнеше шетелдік делегация музейді тамашалап та кетті. Мәселен, жуырда Астанада Мәскеудің мәдениет күндері өткенде қонақтар келіп, тамсанды. Мәдени ошақ өскелең ұрпаққа қазақы тәрбие беріп, оларды ұлттық құндылықтармен сусындатуда да үлкен мән-маңызға ие. Қазір балалар музейге келіп, аспаптарды тамашалап та жатыр екен. Жеткіншектерге танымдық ақпарат беріліп, қызықты ойындар да ойнатылады.

Жинақталған аспаптардың көпшілігі Азамат Бақияның жеке коллекциясынан құралған. Ол бала жасынан музыкалық аспаптарға құмар болып өсті. Есейгенде түрлі экспедицияларға қатысты. Біраз аспап сол экспедицияларда табылған олжа. Мысалы, музейде тұрған көне домбыраның бірі 1802 жылы жасалған. Мұны Азамат Моңғолияның Баян Өлгей аймағына сапарында олжалады. Сондай-ақ музейде күй атасы – Құрманғазы, ұлы Абай, халық композиторы Біржан сал Қожағұлұлы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев ұстаған домбыраларының көшірмелері бар. Қазақ аспаптарын жасаудың басында Қамар Қасымов тұр. Сол Қамар жасаған домбыра да орын алған. Кезінде бақсы адам ұстаған қобыз, белгілі сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының сыбызғысы да қойылды.

САЗСЫРНАЙ САНАУЛЫ МИНУТТА ЖАСАЛАДЫ

Өнер музейі жанынан Болат Сарыбаев атындағы қазақтың музыкалық аспаптарын зерттеу шеберханасы ашылды. Бұл жерде төл аспаптарымызды жасау, қалпына келтіру үдерісімен танысуға болады. Біз де бұл шеберханаға кіріп көрдік. Сонда сазсырнай санаулы минуттардың ішінде жасалатынына куә болдық. Музейде «Бас киімдер» залы да жұмыс істейді. Музей қызметкерлерінің біразы – біршама танылып қалған, шетелдерге де гастрольге шыққан «Жошы» этно-фольклорлық ансамблінің мүшелері.

Көңілге түйгеніміз, Өнер музейінде мол байлық жинақталған. Сондағы мұрамыз бір емес, бірнеше мақалаға жүк бола алады. Бұйыртса, мұны алда да жалғастырамыз.





ЫСЫРАПСЫЗ ТОЙ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ТӘЛІМ

Райхан РАХМЕТОВА

«Той – халықтың қазынасы» дейтін қазақ бара-бара той өткізуді бәсекеге айналдырып алғанын білмей қалды. Әу баста ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту, халықтың батасын алып, қуанышын елмен бөлісу мақсатында өтетін тойлар бүгінде тым көрсеқызарлық, өзгеден оймен емес, таймен озуды көздеу, жұрттың сөзіне қалмау тұрғысынан тым ысырапшылдыққа ұласып барады.



«Жаназа, өлім-жітім дастарқанына шектеу қойылды, енді тойды кім қалай жасаса да өзі біледі, қиналса да өз шаруасы» дейтіндер бар. Бірақ шағын мемлекет – отбасынан үлкен мемлекетіміз құралады, елдің әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттегі кедейшілік деңгейінің өсіміне бастайтын теріс ахуал да осындай факторлардан тұрады.

ҚАЙ ӨҢІРДЕ ҚАНДАЙ ШЫҒЫН?

Былтыр жазда қайнысын үйлендірген алматылық Айман Бектенова тойға бас-аяғы 7 млн теңге шығын кеткенін айтады. Сол үшін азғантай жинақ ақшаның үстіне қымбат көлігін сатқан. Мейрамханадағы құдалықта адам басына 10 мың теңгеге дастарқан жайылады. Одан соң түсіп жатқан келіннің ата-анасына берілетін киіті бар, оған міндетті түрде тон, гауһар тасты сырға-сақинасымен алтын беріледі. Құдалықта мейрамханадан бұрын үйге әкеліп, есік көрсетеді. Сондықтан үйде де дастарқан жайып дайындаласың. Ағарған, айран, қымыз міндетті түрде қоясың. Есіктің алдына баннер жасап, ауланы безендіресің. Оның өзіне 50 мыңнан аса ақша кеткен.

– Үйлену тойына 350 адам шақырып, адам басына жеңілдікпен 15 мыңдық мейрамхана таптық. Мейрамхана ішіндегі фотоаймақ, басқа безендіру бұл сомаға кірмейді. Мәселен, жастардың атын жазу 50 мың теңге болды, сосын музыка әуенімен бірге жарқ-жұрқ етіп жанатын шамдар үшін 250 мың теңге бердік. Аппарат жалдау құны – 100 мың теңге. Екі жастың киімі, асаба, ансамбль шығыны бар. Этноансамбльдің құдаларды және екі жасты алып кіруі 500 мың теңге тұрады. Сосын оларды екі жағынан алып шығатын бишілерге 250 мыңдай бересің. Таныстар арқылы жергілікті әншілерді тойға шақыру 150 мың теңге, ал танымал әншілер 500 мыңнан бастап, 1,2 млн болып кете береді. Қайрат Әділгерей сияқты әртістердің асабалық қызметі – 2 млн теңге, таныстар арқылы Қайрат Нұртас та 2 млн теңгеге келді. Сосын тойға ойындарға сыйлықтар алынады. Қазір теледидар сияқты ірі сыйлықтар ойнатылады, одан төменге біз домбыра, картина, спорт құралдарын алдық. Барлығы 300 мың теңге сыйлыққа кетті. Қазір екі жасқа саяхатқа деп жолдама береді, оны ата-аналары, достары сыйлап жатады. Гүл бар алатын келінге, 2 анаға. Вальс билеуге жастарға «золушка» эффект қосып тұратындар құны 100 мыңнан жоғары. Той иелерінің әйелдерін бет әрлеуіне, шаш сәндеуіне 50 мыңға дейін шығын кетеді. Кейбір той иелері киімін бірдей етіп тіктіреді, біз прокатқа ала салдық, ол 30 мың теңге әр адамға. Қыз жолдас, жігіт жолдасқа сыйлық алынады. «Love story» видеосы бар, оған камера, кран, фотограф, видеограф ақшасы 300 мыңнан жоғары. Әр үстелге «Тойбастарға» әр сыйлықты 3000 теңгеден көтерме саудамен алдық. Оған да біраз ақша кетті. Екі жастың әке-шешесі, оның азғантай тумаластарымен алдын ала «ақыл шай» немесе «тәтті шай» деп шақырып, танысу болады, сырға салардың алдында екі жақ кафеде ақылдасады. Келіннің үйіне апаратын қоржынның біреуі 7 мыңнан басталады, ішін толтыратыны тағы бар. Келіннің астына жаятын көрпешесі 5-12 мың теңге арасы. Сырға салып апаратын сәукеле сияқты қобдиша өз қолыммен жасағанның өзінде 30-40 мыңға шықты. Одан бөлек, «ағайын тоғыз», «нағашы тоғыз», «дос тоғыз» деген жоралғы да бар екен, әрқайсысына 9 заттан салады. Жігіттің қалтасына ақша, әшекей саласың. «Май құяр» деп екі жеңгесіне беретін ақша бар, қызды көрсетті деп тағы бөлек беріледі, – дейді ол.

Осы шығынның орнына көлік немесе үй алып, тойды шағын 100 адамға ғана өткізу туралы екі жасқа ақыл-кеңес айтылғанда, жігіт «лайықты түрде үйленіп, елге көрсететін үлкен той өткенін қалаймын» деп қарсы болған. Ата-енесі де бәрін шақырған жөн депті. Айманның айтуынша, асабаға да 100 адамнан асқан тойды басқару қиын, аз болса той қызықты өтер еді.

Маңғыстаулық Марал Байшахан жақында ұлын үйлендірген бір танысы 12 млн теңгеге шығынданғанын жеткізді. Бұл – орташа тойдың бағасы. Жағдайы тіпті күштілер одан да көп қаржы шығарады. Осы өңірден Айнагүл Бақбергенова да ұлын үйлендіріп, біраз шығынданғанын айтады.

– Бәсеке деген қатты бізде. Одан бөлек, үлкендердің алдын кесе алмаймыз, олар алыс-жақын туыстың бәрін шақыртады. Тұңғышымыз болған соң бәрін тыңдадық. Былтыр өткен тойымызға 5 млн теңгедей кетті. Көлігімізді саттық. Мейрамхана шығыны өз-өзін жапты, яғни тойға келген қонақтардың әкелген ақшасымен жабылды. Ол 2 млн теңге болды. Келін бала әлі студент, олардың оқуының ақшасы, алынған несиелер бар, сондықтан тойдан кейін қиналып қалғанымыз рас. Келесі балам үйленгенде осыдан сабақ алып, тек шағын етіп өткіземіз. Меніңше, тойды тек жастарға ғана өткізіп беру керек, – дейді ол.

Осы жағынан салт-дәстүр аса сақталмайтын солтүстік өңірлерде шығын аздау. Елордалық Гүлжан Құлжанованың айтуынша, дегенмен кей адамдар «жалғыз балам үйленді» деп соңғы ақшасына дейін тойға шашады.

– Оңтүстік жақтағылар сияқты 500 адамға дейін шақырту бізде жоқ-ау, оны ұстап, басқаратын асаба да жоқ шығар. Несие алып жасау дұрыс емес, балаларына соны артынан төлеткізіп, жаңа өмірін қарызбен бастауға мәжбүр етеді, ажырасу да содан болады. Одан да үй, саяхатқа жолдама берсін. Тойдың мәнісін өзгерту керек. Бәрі сол бір сценарий, – дейді ол.

ҮЛКЕН ТОЙҒА ТЫЙЫМ КЕРЕК

Бұл туралы белгілі журналист Сәуле Әбілдаханқызы «Тойға тыйым салмай, даму жоқ» деп жазба жариялап, несиеге той жасайтындарды сынады. «Бұ қазаққа 100 адамнан артыққа адамның өміріндегі басты қуанышы. Бірақ бізде ысырапшылдыққа апарып отырғаны – ең бірінші ол дастарқан. Тамақ және уақыт ысырап. Дастарқанға жайнатып әкеліп қойған қанша тамақ босқа ысырап болып қалады. Ал қазақтың дәстүрлі әдебінде тамақ ешқашан ысырап болмаған. Тіпті тұзды, сүтті төкпеген. Тамақ бүгінгідей аста-төк болып босқа қалмаған. Соны шақтап, азайтуға болады. Сосын уақытын азайту керек, яғни бір тойда арасына биден үзіліс беріп екі дастарқан жасау дегеннің қажеті жоқ, тойды созғаннан кейін артық шығын да көп болады. Бізде сосын тойда неше түрлі ойын, артық сөз адамды шаршатады. Сөйтіп тойлар түнгі 00:00, 02:00-ге дейін созылады. Сондықтан уақытты үнемдеп, тамақты шектеу керек деп есептеймін, – дейді белгілі этнограф, профессор Тәттігүл Қартаева.

Жақында шаңырақ көтерген жас отбасы Кенжебек Зұлқарнаев пен Айдана Хожанова 750 мың теңгеге той жасап, елді таңғалдырды. Екеуі қыз бен жігіт болып жүргенде «үлкен той жасамаймыз» деп келіскен. Алайда екеуінің де ата-анасы «елден ұят» деп, бастапқыда тойға барудан бас тартыпты. Дегенмен артынан келісімін берген.

«Ұзату тойын жасағымыз келмеді. Себебі босқа кететін шығын деп есептейміз. Тойымыз да үйде болды. 40-50 адам шақырдық. Үнемделген ақшаны саяхатқа жұмсадық. Ипотеканың алғашқы жарнасын көбірек салдық» дейді олар. Міне, осындай жастар бәріне үлгі болса дейсің.

Әрине, біздің қоғамда тойға қатысты ешқандай тыйым сала алмайсың. Бірақ белгілі

ТОЙ ЖАСАУҒА, ӘРИНЕ, ТЫЙЫМ САЛА АЛМАЙСЫҢ. СЕБЕБІ ОЛ – ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ БАСТЫ ҚУАНЫШЫ. БІРАҚ БІЗДЕ ЫСЫРАПШЫЛДЫҚҚА АПАРЫП ОТЫРҒАНЫ – ЕҢ БІРІНШІ ОЛ ДАСТАРҚАН. ТАМАҚ ЖӘНЕ УАҚЫТ ЫСЫРАП

журналист Сәуле Әбілдаханқызы «Тойға тыйым салмай, даму жоқ» деп жазба жариялап, несиеге той жасайтындарды сынады. «Бұ қазаққа 100 адамнан артыққа той жасауға заң жүзінде тыйым салмай, даму жоқ. Надандық қорасына осы кіргені кірген. Несие балшығына осы батқаны батқан. Дарақылық боғына осы сүңгігені сүңгіген» деп жазды журналист.

– Той жасауға, әрине, тыйым сала алмайсың. Себебі ол – әр бір заң немесе шектеу болса, ағайыннан ұялып қарызданып той өткізетіндер заңды желеу етіп, шығынын азайтуы мүмкін. Әйтпесе жоғарыдағы той иелері тізіп берген жөнді-жөнсіз жоралғылармен қазақтың қарыз қамытынан құтылар уақыты әлі келе қоймас.

ӘЛЕУМЕТТЕНБЕГЕН ӘЛЕУМЕТ

2024-2025 оқу жылында елімізде аймақтардан келген 336,4 мың студент болса, 123,5 мың адам оқитын Алматыдан кейін Астана 51,9 мың адаммен екінші орында тұр. Жыл сайын қаламыздағы жоғары, арнаулы орта оқу орындарында білім алып жатқан жастардың жан дүниесіндегі өзгерістер қалай болып жатыр, олардың рухани әлемін әрлендіретін қандай жұмыстар атқарылып жатыр деген сұрақтар көпшілікті ойландырады.



Айгүл УАЙС

Олай дейтініміз осы күні елордаңың мәдени-рухани шараларының ортасында көбіне зейнеткерлерді көреміз. Бұрын мұндай істерге қала студенттері жұмылдырылатын. Жастар астананың рухани өмірінен хабардар болып, заманы бір құрбылар бір-бірімен таныссын, әлеуметтенсін деуші едік. Алайда кім ойлап тапқанын қайдам, студенттерді мәдени шараларға шақыруды тоқтату керек дегелі олар да ортадан қол үзіп барады.

Өз еркі өзінде, қолындағы қымбат iPhone-ына үңілген бүгінгі жастар мұражайлар мен кітапханаларға жылдап бас сұқпайды. Білімнің шыңына ұмтылатындары сирек. Елордада болып жатқан ауқымды мерекелерден, мәдени оқиғалардан тыс қалды. Көкірек көзіне сәуле түспей, қоғамнан оқшаулана бастағанның басы – осы. Өсе келе мұның бәрі руханияттың жетіспеушілігін тудырады, жақсылық пен жамандықтың арасын ажырата алмай, адами болмысына кемдік түседі. Олар рухани өсуде, парасаттың баспалдағымен көтеріліп, кемелдікке ұмтылуда кенжелеп қалды. Бос уақытын смартфоннан төгілген ақпараттың нөпірінде малтығумен өткізген өнеге емес, өмір емес. Жүйесіз ақпарат жақсылыққа жеткізбейтінін айтып жүрміз. Жастардың бойында ұлттың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және қазақы дүниетаным мен адамды сүю моральдары бар қоғамға жататынын, осы әлемнің бір мүшесі екенін сезінуден қалады. Үлкен өмірде қажеттілігі бар сыйласу, ізет, төзім, қазақша ойлау қабілеті және әлеуметтік бейімділік сияқты қасиеттері құрдымға кетіп, қаулап өсіп келе жатқан дүбәра ұрпақтың қатарын көбейтеді. Жастар түгіл, ағайын-туыс та бұрынғыдай бір-бірін іздеп, сағына кездесіп, арқа-жарқа болып жатпайды. Барлығын виртуалды өмір ауыстырған. Қашықтан байланыс, алыстан сыйласу туыстық арасын алыстатып барады. Ортақ құндылық болмаған соң, алмасатын ой да, айтатын әңгіме де сарқылған, сөздері де қабыспайды. Бұл да олардың әлеуметтенуіне зиянын тигізуде. Ғаламтордың адам алдар тартымдылығы, оның қолжетімділігі де сор. Дүниетанымы қалыптаспағандарға кері әсер етіп, түрлі арзан, адамгершілікке жатпайтын, жақсылықтан тайдыратын түрлі бағдарлама, қосымша жас адамның уақыты мен адами келбетін айтпағанның өзінде, өмірінің де түбіне жетіп отыр. Жақсыны жақсы, жаманды жаман дейтіндер аз. Моральдық азғындықтың небір қитұрқылығы қоғам назарын аударудың таптырмас құралына айналып барады. Ешкім айыптамайды. Мәдени деңгейіміздің жеткен жері.

Қазіргі қоғам жастардың саяси және әлеуметтік белсенділігінің артуын қоғам дамуына ұтымды пайдалануға, олардың күш-қуатын ізгілікке бағыттауға мүдделі болуы керек. Олардың бойындағы жасампаздықты оятып, теріс құбылыстармен күресуге және адамгершілік, мейірімділік, әділдік, адалдық және басқа да қасиеттерді бекітуге бағыттай отырып әлеуметтендіруге қадам жасалуы тиіс еді. Жас адамның өміріне зиянын, нашақорлық, тәуелділік, түрлі маниялардың мың қатпарында болашағымызды мешеу ететін әлеуметтік желінің зардабы ауыр. Мінеки, елім-жерім менікі деп нық басып, болашағына сенімді жастардың саны азайып, өмірдің қайсысы нақты, қайсысы виртуалды екенін шатастырғандарға қарның ашады. Гаджет адамның рухани өмірін толтырмайды. Бұрынғы кезде қаламызда жастарға арналған орталықтар, клубтар жұмыс істейтін. Тегін үйірмелер де оларға қолжетімді еді. Қазір мұның бәрі кеміген. «Астанада білім алды» деген студент – ертең ел тұтқасын ұстар азамат. Елордадан еліне барғанда білімі мен білігіне қоса, көрген өнегесі де сын болады. Осыны ойлағанда, жастардың дауысы бәсең, тірлігі тым сүреңсіз көрінеді.

№4 (4902) 13/01/2026 Сейсенбі



МУЗЕЙДЕГІ МҰСТАФА МҰРАСЫ

Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қабырғасында «Мария Шоқай: махаббат пен адалдық тарихы» атты көрме өтуде. Аталған мәдени-тарихи жоба XX ғасырдың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың туғанына 135 жыл толуына арналған.

Көрме аясында Мария Шоқайдың естеліктері негізінде жазылған «Менің Мұстафам» атты деректік еңбектің тұсаукесері өтті. Бұл кітап – эмиграцияда өткен күрделі ғұмырды, ұлт азаттығы жолындағы күресті тек саяси қайраткер көзімен емес, оның өмірлік серігі, тағдырлас жары Мария Шоқайдың жанды куәгерлік баяндауы арқылы танытатын бірегей еңбек.

Кітаптың жаңартылған нұсқасы бұрын жарияланбаған архивтік құжаттармен, жеке хаттармен, сирек фотосуреттермен толықтырылған. Еңбектің екінші бөлімінде Мария Шоқайдың 1961-1969 жылдары түркістандық тұтқын Әлім Алматқа жазған хаттары беріліп, эмиграциядағы рухани күрес пен тарихи жадыны сақтау жолындағы жанкешті еңбегі айқын ашылады. Еңбекте Мұстафа Шоқайдың саяси қызметімен қатар, оның адами болмысы, отбасылық өмірі, күнделікті тұрмысы мен рухани ұстанымдары Мария Шоқайдың тікелей куәгерлігі арқылы жан-жақты сипатталады.

Экспозицияда Мария Шоқай ұзақ жылдар бойы көзінің қарашығындай сақтаған 50-ден астам түпнұсқа фотосурет ұсынылған. Бұл жәдігерлер арқылы Мұстафа мен Мария Шоқайлардың өмір жолы, рухани байланысы, эмиграциядағы ауыр тұрмысы мен сертке берік серіктестігі айқын көрініс табады.

Фотосуреттердің бір бөлігі Ұлттық музей қорына сыйға тартылмақ. Сонымен қатар көрмеде ерлі-зайыптылардың ортақ достары мен замандастарына қатысты тың архивтік деректер де қамтылған. Бұл материалдар XX ғасырдың алғашқы жартысындағы күрделі тарихи-саяси үдерістерді кең аяда пайымдауға мүмкіндік береді.

Ал «Мария Шоқай: махаббат пен адалдық тарихы» көрмесінің басты мақсаты – Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық жолындағы күресін оның өмірлік серігі Мария Шоқайдың рухани беріктігі, адалдығы мен тарихи жадты сақтаудағы еңбегі арқылы кешенді түрде таныту. Экспозицияда Мария Шоқай бейнесі тек тарихи тұлғаның жары ретінде емес, эмиграция жағдайындағы идеялық серіктес, рухани тірек, тарихи мұраны сақтаушы тұлға ретінде ашылып көрсетіледі.

Сонымен бірге көрме адалдық пен жанқиярлықтың, сертке беріктік пен адамгершіліктің адамзат тарихындағы сирек кездесетін биік үлгісін дәріптеуді көздейді. Аталған көрме бір ай бойы музейдің «Қазақстан тарихы» залында жалғасады.

ДОСТЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙТІН ТУЫНДЫ

Жылдар бойы көрерменнің жоғары бағасына ие болған «Достар серті» мюзиклі «ASTANA MUSICAL» мемлекеттік мюзикл театрының негізгі қойылымдарының біріне айналды. Аталмыш өнер ұжымы бұл туындыны кезекті рет ұсынды.



Либретто авторлары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Қайырбеков пен аудармашы, драматург Әннас Бағдат. Қойылымның музыкасын жазған танымал дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Артур Оренбургский. Мюзикл режиссері – «Astana Musical» мемлекеттік мюзикл театрының көркемдік жетекшісі Есләм Нұртазин.

Бұл туындыға қазақ музыкасының «Алтын қорына» енген Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев және «Дос-Мұқасан» тобының репертуарындағы әндер арқау болды. Сонымен қатар, әлемге танымал «The Beatles» тобының репертуарындағы шығармалар және жаңа стилистикалық бағытта жазылған композициялар орындалады.

Мюзикл желісі 1960-70-жылдар кезеңінде өрбиді. Еліміздің әр өңірінен арман қуып, консерваторияға оқуға келген және бір қалада тоғысқан төрт абитуриент жігіттің басынан кешкен қызықты оқиғалары, жалындаған жастық шақтары, адал достық пен нағыз махаббат хикаяларын баяндайды.

Бұл қойылым нағыз достықты бейнелейді. Олар алғашқы сезімдерін, өмірдің жаңа сынақтарын бірге өткереді. Бірі – романтикаға берілген, екіншісі – өз мақсатына ұмтылған, үшіншісі – достарының көңілін көтеруді ұнататын, ал төртіншісі – салмақты әрі ойлы. Олардың әрқайсысының өмірі мен арман-мақсаттары тек достықтың арқасында жүзеге асады. Жігіттер бірге қуанып, бірге мұңайып, қиындықтарға қарсы тұрады. Достықтың шынайы қуаты – әрбір сынақта, қуаныш пен күйініште.

Мюзиклдың әр сәті жастардың өмір жолында кездесетін мүмкіндіктер мен тосын сыйларға толы. Олар тек дос емес, бір-бірінің армандарын жүзеге асыруға көмектесетін, шынайы бауырға айналады. «Достар серті» мюзиклы жастық шағыңыздың әдемі сәттері, қиындығы және естеліктерін көрсетіп, ұмытылмас әсерге бөлейді.

ОНЫҢ ПІРІ – Қажымұқан

Спорт – адамды тек физикалық тұрғыда шыңдап қана қоймай, мінез қалыптастыратын, жауапкершілікке, төзімділікке, тәртіпке баулитын үлкен мектеп. Жүйелі түрде спортпен айналысқан адам уақытын бағалайды, өзіне талап қоя біледі және қандай қиындық болса да мойымай алға ұмтылады. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, өмір жолында да, қызмет пен спортта да биік белестерді бағындырған тұлғалардың бірі – Мұрат Нұрғазин.



Шапағат ӘБДІР

Ол – ішкі істер органдарының ардагері, күштік спорт түрлерінен әлемге танылған рекордшы, табандылық пен қайсарлықты өмірлік ұстанымына айналдырған азамат.

Мұрат Мырзағалиұлы 1977 жылғы 14 мамырда қазіргі Абай облысы Аягөз ауданына қарасты Тарбағатай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл тіршілігімен, еңбек пен тәртіпке негізделген ортада өтті. Мектепті тәмамдаған соң, 1995 жылы 6636 әскери бөліміне шақырылып, ҚР Ұлттық ұланы қатарында мерзімді әскери қызметін өтейді. Кейін осы бөлімде келісімшарт негізінде қызметін жалғастырды.

2001 жылдан бастап Ішкі істер органдарында еңбек етіп келе жатқан ол, жеке құрамды арнайы-әскери және физикалық даярлау бағытында әртүрлі лауазымдарды атқарады. Ұзақ жылғы адал қызметінің нәтижесінде 2016 жылы әділет майоры шенімен зейнетке шықты. Бүгінде ол – ішкі істер органдарының ардагері.

Шын мәнінде, қызметпен спортты қатар алып жүру екінің бірінің қолынан келмейді. Алайда Мұрат Нұрғазин бұл екі саланы да бірдей игере білді. Ол – армлифтинг спортынан әлем чемпионы атанған және халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған тұңғыш қазақ. Күштік спорт түрлерінен (армлифтинг, пауэрспорт) әлемнің 10 дүркін, Азияның 18 дүркін, Еуропаның 6 дүркін чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы. Азия мен Еуропаның 6 дүркін рекордшысы, әлем рекордының 6 дүркін иегері. Сонымен қатар, грек-рим күресінен спорт шебері, қоян-қолтық ұрыстан сертификатталған жаттықтырушы, марафоншы. IPAF, НАП, WPSO федерациялары бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері атақтарына ие, күштік спорттағы «Алтын белбеу» иегері.

«СПОРТ – МЕН ҮШІН ӨМІР САЛТЫ»

«Мен спортқа атақ үшін келген жоқпын. Спорт мені тәртіпке үйретті, өз-өзімді жеңуге көмектесті. Күш деген тек ауыр салмақ көтеру емес. Күш – таңертең ерте тұрып, жаттығуға бару. Күш – шаршасаң да, тоқтамау. Күш – өз сөзіңде тұра білу» дейді ол.

Оның айтуынша, күштік спорт адамды сабырлы етеді, артық эмоциядан арылтып, шешімді салқынқандылықпен қабылдауға үйретеді. Бұл қасиеттер қызмет барысында да үлкен рөл атқарған.

ТАРИХИ РЕКОРД ЖӘНЕ ҚАЖЫМҰҚАН РУХЫ

Жуырда Мұрат Нұрғазин тағы бір тарихи жетістікке қол жеткізді. Ол денесіне 100 келі бетон блок қойып, оны сындыру арқылы жаңа әлемдік рекорд орнатты. Сынақ аса қауіпті әрі бірегей форматта өтті. Басты шарт – белін жерге тигізбей шалқалай жатып, кеудесіне қойдырған бетон бір ғана соққымен сынуы керек болды. Арнайы дайындалған 10 келі салмақты сомбалғамен ұрған сәтте шынымен де әлгі зіл бетон қақ ортасынан айырылды. Бұл тарихи сәтті «Қазақстан» телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасынан, сондай-ақ «Хабар» телеарнасы журналистерінің арнайы репортажынан біз де көрдік. Бұл – кезінде XX ғасырдың басында қазақтың әйгілі күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлы орындаған аса қауіпті әрі сирек трюк. Аталмыш күштік нөмір ресми түрде Бүкіләлемдік рекордтар кітабына тіркелді.

Спортшы бұл жетістігін өзінің бала күнгі арманы болғанын айтады.

«Мен бала күнімнен Қажымұқан атамызға еліктеп өстім. Ол кісі туралы хабарларды көріп, кітаптарды оқитынмын. Сол кезде менде «Бір күні мен де атамыз сияқты қазақтың күш атасы атансам» деген ойда болдым. Бұл рекорд – сол арманның нәтижесі. Ұзақ жыл дайындалдым, өзіммен өзім күрестім. Бұл – бір күннің жеңісі емес, жылдар бойы еңбегімнің жемісі» деді рекордсмен.

ЖАСТАРҒА АЙТАР ЖАН СЫРЫ

Мұрат Нұрғазин бүгінгі жастардың спортқа жақын болғанын қалайды. Оның ойынша, әр жас кәсіби спортшы болуға міндетті емес, бірақ дене тәрбиесін өмірінің бір бөлігіне айналдыруы қажет.

«Жастарға айтарым – спортты медаль үшін емес, өздерің үшін жасаңыздар. Денсаулық – сатып алатын дүние емес. Спорт адамды жаман әдеттен алыстатады, мақсат қоя білуге үйретеді. Менің барлық жетістігім – күнделікті еңбектің нәтижесі» дейді ол.

Оның өмір жолы – тәртіп, табандылық пен отансүйгіштіктің айқын көрінісі. Қызметтегі адалдық пен спорттағы биік жетістіктерді қатар алып жүрген Мұрат Нұрғазин – бүгінгі жас ұрпақ үшін нағыз үлгі.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №4

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ